

2012 жылға интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 маусымдағы N 18/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 шілдеде N 8-11-140 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-б) тармақшасына сәйкес жұмысқа орналастыруға мұқтаж интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектерін жұмысқа қабылдау және жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектерін жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде жұмыс орындарына квотасы белгіленсін.

2. "Бұқар жырау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Н.Г. Алексеева) квоталанған жұмыс орындарына интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектерінің жұмысқа орналасуына жәрдем ж а с а с ы н .

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ш. Мамалинов